

Деметкен Иргалеевна Утибаеваға жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 7 шілдедегі № 526 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабы 1-тармағы 5-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағы 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, өтініш негізінде Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Деметкен Иргалеевна Утибаеваға Рудный қаласы, Транспортная көшесі, 1754 құрылыс мекенжайы бойындағы жерасты газ құбырын төсеу және пайдалану мақсатында көлемі 0,0460 га жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласының әкімі

В. Ионенко